«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық оркестрінің шығармашылық концерті

Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық оркестрінің шығармашылық концертінің
СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны: **Абай ат. МДК, үлкен зал**

Фанфар
Жүргізушілер авансценаға шығады.

1-Жүргізуші: Құрметті өнерсүйер қауым, ардақты ағайын!
Көнеден жеткен дәстүр мен ұлттық мұраны дәріптейтін Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблінің концертіне қош келдіңіздер!

2-Жүргізуші: Бүгінгі кеш – ұлттық өнеріміздің мерекесі! Қазақтың бай мәдениеті мен музыкалық мұрасын жаңғыртып, халықтың жүрегіне жеткізіп жүрген «Ақтау сазы» ансамблі сіздерге ерекше әуенмен, әсерлі сазбен, ғажайып шығармалармен керемет кеш сыйламақ!

1-Жүргізуші: Ендеше, рухани ордаға айналған сахнамызда «Ақтау сазы» ансамблі! Қошеметпен қарсы алыңыздар!

Шымылдық ашылады
Сахнада Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі отырады.

1. **Б. Көбенғалиев «Ақтау сазы» - орындайтын Халықтық «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі**

1-Жүргізуші: Каспийдің жағасында, күй өнерінің ордасында, ұлы даланың сарыны сақталған мекенде дүниеге келген «Ақтау сазы» ансамблі – халқымыздың асыл мұрасын ұлықтап жүрген өнер ұжымы. 2004 жылы наурыз айында ансамбльдің іргесі қаланған ұжым, аз уақыт аралығында кәсіби шеберлігін дәлелдей білді. Ұжым 1 жыл ішінде Болгария мемлекетінде өткен халықаралық «София көктемі»

фольклорлық фестивалінің бас жүлдесіне ие болды. Көптеген үлкен жеңістіктерге ие болған ансамбль құрамы қанша өзгерседе сапасын жоғалтқан емес. Ансамбльдің репертуарында халықтық, классикалық, шет елдердердің шығармашылық туындыларыда үлкен орын алады.

2-Жүргізуші: Ия, ансамбльдің көшбасшысы дұрыс болса әр уақытта орны жоғалмайтын іздемпаз, нағыз өнерге деген жүрегін берген сезімтал жетекшіден көп нәрсені күтуге болады. Қонашов Қуат Қоңырұлы өзінің дарындылығы, өнерде ізденіс үстінде, әр туындыны нотаға түсіріп, жан тәнімен іздемпаздығы қандамай ма туындылар болсада жетегіне жеткізіп нақышын келтіріп халыққа әсем әуен сыйлаудан жалыққан емес. Марқұм ол өзі өмірден озса да ізгі ниеті жоғалған емес. Жолдасы Айсұлу Атабаева осы ансамбльдің ізін өшірмей жалғастырып атына сай ансамбльдің құрамын болашақ жастарға аманат етті.

2. **Ән «Ауылым» - орындайтын Нұрлан Қожантаев және Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі**
3. **Ән «Алтыным» - орындайтын Сәбит Шектібаев және Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі**
4. **Ән «Сүйген жүрек» - орындайтын Кәмшат Ізтілеуова және Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі**
5. **Ән «Ақтау вальсі» - орындайтын Нұрлан Қожантаев және Халықтық ұжым «Ақтау сазы» фольклорлық ансамблі**

1-жүргізуші: Кешіміздің басты ерекшелігі – әлемге әйгілі классикалық музыкаларды ұлттық нақышта тыңдау мүмкіндігі. Фольклорлық оркестр классикаға жаңа реңк беріп, халықтық сазбен әрлеп, өнердің шексіздігін дәлелдейді.

2-жүргізуші: Классикалық музыка – бұл ұлы симфониялар мен керемет пьесалар ғана емес, ол – адамзаттың ортақ мұрасы.

Домбыраның күмбірлеген үні, қобыздың мұңлы дауысы, жетігеннің нәзік әуені Бах пен Вивальдидің әуендерін жаңа боямен әрлеп, халқымыздың жан дүниесімен үндестіреді.

Ендеше, осы ерекше үндестікті бірге тыңдайық!

6. **Людовико Эйнауди «Experience»**
7. **«Secret Garden»**
8. **Төлеген Мұхамеджанов «Детство»**
9. **Мультфильмнен саундтрек «Ходячий замок»**
10. **Вивальди «Лето»**
11. **Ханс Циммер «Gladiator»**
12. **Зекинья де Абреу «Tico-tico»**

1-жүргізуші: Бүгін біз сіздерді ерекше музыкалық сапарға шақырамыз. Кино мен классиканың үндестігіне куә боламыз. Кезінде үлкен экранда жаңғырған әуендер енді фольклорлық оркестрдің асқақ үнімен жаңа кейіпке енеді.

2-жүргізуші: Музыка – бұл сөзсіз ұғынылатын тіл. Ол кез келген ұлтқа, кез келген дәуірге ортақ. Бүгін біз кинофильмдерден алынған мелодиялардың классикалық орындалуы арқылы оның жаңа қырын ашамыз.

Бір кездері кино көріністерімен байланысты бұл әуендер қазір сахна төрінде жаңа әсер сыйламақ. Бұл – уақытқа бағынбайтын, мәңгілік саз.

13. **Великолепный век**
14. **Кара севда**
15. **Королек птичка певчая**
16. **Запретная любовь**

1-Жүргізуші: Бүгінгі кеш – өнердің шексіздігін, классика мен дәстүрдің үйлесімділігін айқындайтын сәт болды. Біз ұлы шығармалардың жаңа бейнесін көрдік, олардың ұлттық әуенмен қалай үндесетінін тыңдадық.

2-жүргізуші: Музыка – мәңгілік. Ол ұлт пен уақытқа тәуелді емес. Бізбен бірге болғандарыңыз үшін алғысымыз шексіз! Келесі кездескенше, амандықта болыңыздар!